



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ



Алматы қаласы

2025 жылғы 4-5 қараша

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 4-5 қараша күндері Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында оқушылар арасындағы республикалық пікірсайыс турнирін өткізеді.

Пікірсайыс – балалар мен жастардың жан-жақты дамуына серпін беретін, олардың азаматтық ұстанымы мен көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыратын маңызды білім беру және қоғамдық институт. Бұл қозғалыс оқушылардың сыни және аналитикалық ойлау қабілеттерін арттырып, олардың әлеуметтік белсенділігін күшейтеді.

Ұлттық білім беру деректер қорының мәліметтері бойынша, елімізде 6671 пікірсайыс клубы жұмыс істейді. Оның ішінде 5946 мектеп клубы және 725 студенттік клуб бар. Жалпы 165 091 білім алушы пікірсайыс қозғалысына қатысады, соның ішінде 143 507 мектеп оқушылары мен 21 584 колледж студенттері.

Турнирдің мақсаты – оқушылардың бойында азаматтық жауапкершілік пен қоғам алдындағы саналы ұстанымды қалыптастыру, сондай-ақ өзекті мәселелерді ашық талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Байқауға облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы (Астана, Алматы, Шымкент) іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Жалпы 180 оқушы (9–11(12)-сыныптар) бақ сынайды. Әр өңірден 9 қатысушыдан құралады: үшеуі қазақ тілінде, үшеуі орыс тілінде және үшеуі ағылшын тілінде пікірсайысқа түседі.

Турнир Дүниежүзілік мектеп пікірсайыс форматы (WSDC) бойынша қазақ, орыс және ағылшын лигаларында өткізіледі. Жарыс іріктеу кезеңдері мен финалдық ойындардан тұрады.

Турнир шеңберінде қатысушылар «Заң және тәртіп», Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына 140 жыл толуына орай «Классикалық әдебиеттегі әйел бейнесі», сондай-ақ «Өнер саласында (кино, музыка, әдебиет және өзге де шығармашылық түрлерінде) жасанды интеллектіні пайдалану» және өзге де тақырыптарды талқылайды. Бұл тақырыптар жас дебатерлердің азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, сыни тұрғыдан ойлау және шешендік қабілеттерін дамытуға, қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелерге өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді.

Турнир бағдарламасына интеллектуалдық сайыстар, спорттық жарыстар және кешкі ойын-сауық шаралары енгізілген. Бұл іс-шаралар қатысушылардың өзара достық байланысын нығайтып, демалысын мазмұнды өткізуге бағытталған.

Жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады, ал барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етіледі.

☎ Қосымша ақпарат алу үшін: +7 (778) 101-41-96

✉ E-mail: debaters.0102@gmail.com



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ



г. Алматы

04-05 ноября 2025г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан 04–05 ноября 2025 года во Дворце школьников города Алматы проводит республиканский турнир по дебатам среди школьников в офлайн-формате.

Дебаты – это важный образовательный и общественный институт, который способствует всестороннему развитию детей и молодёжи, формирует их гражданскую позицию и лидерские качества. Это движение развивает у школьников критическое и аналитическое мышление, а также усиливает их социальную активность.

Согласно данным Национальной базы данных образования, в стране функционирует 6671 дебатный клуб, из них 5946 школьных и 725 студенческих. Всего в дебатном движении участвуют 165 091 обучающийся, включая 143 507 школьников и 21 584 студентов колледжей.

Цель турнира – формирование у школьников гражданской ответственности и активной позиции перед обществом, развитие творческого и критического мышления через открытое обсуждение актуальных вопросов.

В турнире примут участие победители региональных этапов, включая города республиканского значения (Астана, Алматы, Шымкент). Всего выступят 180 школьников (обучающиеся 9–11(12) классов). От каждого региона придут 9 участников: трое в казахской лиге, трое – в русской и трое – в английской.

Турнир проводится во Всемирном школьном формате дебатов (WSDC) на трёх языках — казахском, русском и английском. Соревнования включают отборочные и финальные раунды.

В рамках турнира участники будут обсуждать резолюции на темы: «Закон и порядок», «Образ женщины в классической литературе» к 140-летию жизни и творчества Міржақыпа Дулатова, использование

искусственного интеллекта в сфере искусства (кино, музыки, литературы и других видах творчества) и другие. Данные темы будут способствовать формированию гражданской позиции молодых дебатёров, развитию их критического мышления и ораторских навыков, позволят выразить своё мнение по важным социальным вопросам.

Программа турнира, помимо дебатных игр, включает интеллектуальные конкурсы, спортивные соревнования и вечерние развлекательные мероприятия. Эти активности направлены на укрепление дружеских связей между участниками и создание атмосферы сотрудничества и вдохновения.

Победители будут награждены дипломами I, II и III степени и памятными призами, а все участники получат сертификаты.

Для получения дополнительной информации:

+7 (778) 101-41-96

✉ debaters.0102@gmail.com